

Білім беру бағдарламаны қырастыру бойынша жұмыс тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Испандиярова Айгуль Мадияровна	ОҚМПУ, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгеруші п.ғ.к., доцент	87023759888
2	Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы	ОҚМПУ, Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканы п.ғ.к., доцент	87025675030
3	Темірханов Музафар Темірұлы	ОҚМПУ, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, п.ғ.к.	87015235890
4	Дүйсенбаев Ғалымжан Тастанбекұлы	Шымкент қалалық № 10 күрес түрлерінен Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директордың оқу-спорт жөніндегі орынбасары	8 7252 41-31-81
5	Байбуриев Болат	З.Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицейдің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	8-7252-56-31-58
6	Мамешов Айтуар Болысмуратович	Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі	8-7252-21-43-65
7	Шабданбекұлы Улан	Шымкент қалалық № 18 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директордың оқу жөніндегі орынбасары	87252 37-12-04
8	Абдрахим Мадина Ержанқызы	ОҚМПУ, «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының 1402-19 тобының студенті	8 771 648 71 88
9	Сейлова Жанайым Нұрлыбекқызы	ОҚМПУ, «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының 1402-39 тобының студенті	8 707 736 54 38

Сарапшылар

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Базарбаева Клара Конаровна	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Дене шынықтыру және спорт кафедрасының доценті, п.ғ.к.	87785237650
2	Ташкеев Даурен Садбекович	М.В. Ломоносов атындағы ММУ ҚБ, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, п.ғ.к.	87013657372

Қысқартулар:

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ – Салалық біліктілік шеңбері
ХСБЖ – Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіші
ББ – Білім беру бағдарламасы
ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары
ЖОЖ – Жеке оқу жоспары
ЭПК – Элективті пәндер каталогы
ТҚ – Түйінді құзіреттіліктер
ОН – Оқыту нәтижелері
АКТ – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
АБ – Аралық бағалау
МБ – Межелік бағалау
ҚБ – Қорытынды бағалау
ЖБП – Жалпы білім пәндері
БП – Базалық пәндер
ПП – Профильдік (бейіндік) пәндер

Мазмұны

Кіріспе.....	6
1 Білім беру бағдарламасының паспорты.....	6
1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы.....	6
1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары.....	6
1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері.....	6
1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері.....	7
2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі.....	7
3 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары.....	8
3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....	8
3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары.....	8
4 Бітірушінің моделі.....	8
5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері.....	9
6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты.....	9
7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері.....	10
8. Білім беру бағдарламасының мазмұны.....	13
8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі.....	13
8.2. Модульдер туралы мәліметтер.....	14
8.3. Пәндер туралы мәліметтер.....	18
8.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары.....	34

КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламасы (ББ) университеттің білім беру мақсаты мен құндылықтарының негізінде бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағлұматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің құзіреттілік моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасы:

- университеттің білім берудегі саясатын іске асыруға;
- білім беру процесін қазақ, орыс және ағылшын тілінде ұйымдастыру арқылы үштұғырлы білім беруді іске асыруға;
- құзіреттілік кәзқарас негізінде оқыту процесінің сапасын арттыруға;
- білім алушылардың әмір бойы оқуға дайын болуына мән беруге;
- білім алушылардың дүниетанымдық кәзқарасын қалыптастыруға, креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы:

- Элективті пәндер каталогын (ЭПК);
- Оқу процесінің академиялық күнтізбесін;
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ);
- Оқу жұмыс жоспарын(ОЖЖ);
- Пәндердің оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус);
- Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін;
- пәндер бойынша күтілетін оқу нәтижелерін;
- білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін;
- кәсіптік практиканы ұйымдастырудың құжаттарын және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да құжаттарды дайындауға негіз болады.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры эзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

Әдістемелік:

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- кәп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоғары білім беретін «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтің кәсіби стандартына сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

ББ қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚІҢДЫЛЫҚТАРЫ

3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

- **Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді күзiреттiлiктерiн қалыптастыру;
- білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негiзiнде әлеуметтiк жауапкершiлiгiн және кәсiби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзiн-өзi жүзеге асыруға ынталандыру негiзiнде білім беру сапасының деңгейiн ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негiзiнде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

3.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары

ББ мазмұнында айқындалған негiзгi құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- ❖ адалдық;
- ❖ құрмет;
- ❖ ынтымақтастық;
- ❖ ашықтық.

4 БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады

5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КНТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер білуі тиіс:

- **ON1** – білім берудің жаңартылған мазмұнының негізгі бөлімдері бойынша білім беруді, түсінуді және интеграциялауды көрсетеді;
- **ON2** – оқылатын саладағы өзара байланыс және өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне сүйене отырып, дене шынықтыру мен спорттың отандық және шетелдік жүйелерінің білімін практикада қолданады;
- **ON3** – оқушыларды сыни ойлауға, мәселелерді шығармашылық және бірлесіп шешуге тарту үшін пәнді және академиялық хатты зерттеудің құрылымын, негізгі концепциялары мен құралдарын анықтайды;
- **ON4** –оқу-жаттығу процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде ғылыми негізделген тәсілдер мен білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің әдістерін белсенді қолдана біледі;
- **ON5** –таңдаған спорт түрінде іріктеу және спорттық бағдарлау жүйесін іске асыруда критериялды бағалау технологиясын қолданады;
- **ON6** –спорттық-кәсіптік қызметте АКТ-ны және сандық білім беру ресурстарын пайдаланады;
- **ON7** – академиялық адалдық принциптері мен мәдениетіне сүйене отырып, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілікті, командалық жұмыста және ақпараттық мәдениетте дағдыларды көрсетеді;
- **ON8** –білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктеріне және оқытудың мақсат-міндеттеріне сәйкес инновациялық технологияларды пайдаланады;
- **ON9** –индивидтің антропометриялық, физикалық және психологиялық параметрлерін анықтау бойынша заманауи әдістемелер мен диагностиканы қолданады;
- **ON10** –білімгердің тұлғалық дамуын қалыптастыру мен өзінің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өмір бойы білім алуға мән береді;

6. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері бойынша (ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) критериальды бағалау технологиясы қолданылады. Бағалау әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Әте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық

C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлықсыз
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін ағымдық бақылау ағымдық бақылау бір семестрде 5 апталық аралыққа бөлінген 3 рет қорытындыланады. Әрбір ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ (СОӨЖ/СӨЖ) және т.б. сабақтарында бағалайды, жиынтық балл әр бақылау аптасында Univer жүйесінде автоматты түрде шығады.

Семестрдегі қорытынды рейтинг балы 3 қорытынды бақылау апталарындағы жиынтық балдардың әрқайсысының 20%-ының қосындысынан тұрады. Бұл білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды емтиханнан жинайды.

Емтиханға білім алушы ағымдық бақылаудан кем дегенде 30 балл (әту балы $0,2*(AB1+AB2+AB3) \geq 30$ балл) жинағанда ғана жіберіледі.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы тәменде көрсетілген формуламен есептелінеді:

- Ағымдық бақылау1 (AB1) ≤ 100
- Ағымдық бақылау2 (AB2) ≤ 100
- Ағымдық бақылау3 (AB3) ≤ 100
- Емтихан (E) ≤ 100

$$\text{Қорытынды бағалау (ҚБ)} = 0,2*(AB1+AB2+AB3)+0,4*E$$

Оқу нәтижелері мен бағалау әдістерінің сәйкестігі

Оқу нәтижелері	Бағалау әдістері
ON 1,2,3, 5,6,8,9	Аудиториялық сабақтардағы белсенділігі
ON 2,4,8	Эссе
ON 2,3,7	Топтық презентация
ON 4,6,8	Жоба даярлау(топтық жұмыс)
ON 1, 3, 5	Жеке тапсырма
ON 6,8,10	Практика есебі
ON 1-10	Аралық қорытынды бақылау
ON 1-10	Қорытынды аттестация

7. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру процесін ұйымдастырудың міндеттері:

- білім көлемін бірегейлендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;

- білім алушының өзіндік жұмыстарының тиімділігін күшейту;
- білім алушының оқу жетістіктерін тиімді әрі ашық бақылау негізінде айқындау.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берілетін мүмкіндіктері:

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;

- білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету;

- элективті пәндер каталогіндегі пәндерді және модульдерді таңдау;
- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдауы;
- эдвайзерлердің көмегімен білім алушылардың білім траекториясын таңдауы;
- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда академиялық еркіндік;
- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз

ету;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;

- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

- ❖ білім алушы оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын рефлексивті оқыту әдісі;
- ❖ біліктілікке бағытталған оқыту;
- ❖ рөлдік ойындар;
- ❖ оқу пікірталастары;
- ❖ кейс-стади;
- ❖ жобалар әдісі;
- ❖ тәңкерілген оқыту;
- ❖ бейімделу тәсілдері;
- ❖ геймификация.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялардың түрлерін оқытушы өзі таңдайды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қолданылатын бейімделген технологиялар.

Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) бар білім алушылар үшін оқу процесін ұйымдастырудың және білімді бақылаудың келесі формаларын қолдану қарастырылған:

Көру қабілеті зақымдалғандар үшін:

- үлкен әріппен басылған оқу және үлестірмелі материалдарды;
- дәрістерді жазу үшін анықтамалық жазбаларды.

Есту қабілеті зақымдалғандар үшін:

- аудиторияда ыңғайлы орынға отыру;
- материалды түсінуді жеңілдету үшін дәрістерде кәрнекі тірек сызбаларды пайдалану;
- оқу тапсырмаларын жазбаша түрде орындауға және оқу материалын талдауға уақыт көбірек бөлу.

Ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) бар білім алушылар үшін интеграцияланған оқыту оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады, яғни ЕБҚ бар білім алушылар қоғамға оңай бейімделу үшін аралас топтарда оқиды. Сабақ жүргізетін оқытушының келісімі бойынша ЕБҚ бар білім алушыларды баспа және электрондық түрдегі оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету кәзделеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін денсаулықтары нашарлаған жағдайда дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде қашықтықтан оқыту мүмкіндігі беріледі.

ББ бойынша кнтілетін оқу нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқытудың әдіс-тәсілдері

Оқу нәтижелеріне қол жеткізудің әдіс-тәсілдері	Оқу нәтижелері									
	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
Лекция	+	+	+	+				+		
Практикалық әдіс	+	+		+	+			+		
Семинар							+			+
Шығармашылық әдіс		+		+	+		+	+		
Интерактивті лекция	+					+				
Жобалар әдісі				+	+				+	
Кейс-стади							+			
Тәңкерілген оқыту		+	+							
Бейімделу тәсілдері					+		+	+		+
Геймификация			+			+				
Топтық жұмыс			+				+			
Проблемалық оқыту								+		

Білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған сапаны іштей қамтамасыз ету жүйесі:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- білім алушыларға бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

Кәсіптік практика

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті компоненті болып табылады.

ББ ерекшелігіне сәйкес келесідей практика түрлері ұйымдастырылады: оқу, педагогикалық, әндірістік және дипломалды.

Оқу практикасының мақсаты – болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу. Сонымен қатар болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

Оқу практикасы барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады. Оқу практикасы ББ ерекшелігіне, бейініне сәйкес әткізілетіндігі кафедра мәжілісінде қаралып, практика бағдарламасында кәрсетіледі.

Психологиялық-педагогикалық практика мақсаты болашақ дене шынықтыру пәні оқытушысының (бакалаврының) бойында кәсіптік және психологиялық дағды қалыптастыру, студенттерді орта білім беру мекемелерінде жұмыс істеу жағдайына

бейімделу, олардың бойында мұғалім мамандығына деген саналы қызығушылық қалыптастыру практиканың мақсаты болып табылады

Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, педагогикалық-психологиялық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен күзiреттердi қалыптастыру болып табылады.

Диплом алды практика дипломдық жұмысты жазатын барлық түлектер үшін бітіруші курста өткізіледі. Диплом алды практика дипломдық жұмыстың жетекшісі арқылы бақыланады.

8. Білім беру бағдарламасының мазмұны

8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі

Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері бітіруші моделіне сәйкес анықталады.

Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін бітіруші моделімен байланыстыру матрицасы

БМ	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
1		+	+				+			+
2	+	+	+				+			+
3	+		+			+	+	+	+	
4		+	+	+	+			+	+	
5	+	+		+	+	+	+	+	+	
6		+	+	+	+					+
7				+		+			+	

8.2. Модульдер туралы мәліметтер

№	Модульдің атауы	Модульдің оқу нәтижелері (МОН)	Модульдің құрамы	Модульдің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Циклі	Кредит саны	Бітірушінің моделінің элементтері
1	Жалпы білім беру пәндері	<p>MON1 – дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындыққа баға береді.</p> <p>MON2 – азаматтық ұстанымын кәрсете біледі.</p> <p>MON3 – ғылыми таным әдістерін қолдана біледі.</p> <p>MON4 – кәсіби қарым-қатынаста туындаған мәселелерді шешеді.</p> <p>MON5 – тілдік құралдар арқылы өз ойын ауызша және жазбаша түрде интерпретациялайды.</p> <p>MON6 – кәсіби қызметінде АКТ-ны қолдана алады.</p> <p>MON7 – салауатты өмір салтын ұстану негізі ретінде дене шынықтырудың әдістері мен құралдарын қолдана біледі.</p>	<p>Қазақстан тарихы</p> <p>Философия</p> <p>Әлеуметтік-саясаттану білімі (Мәдениеттану, Психология) (Әлеуметтану, Саясаттану)</p> <p>Қазақ(Орыс) тілі</p> <p>Шетел тілі</p> <p>Ақпараттық коммуникациялық технологиялар</p> <p>Дене шынықтыру</p>	Модуль болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және моральдық ұстанымын қалыптастыруға, қазақстандық қоғамды жаңғыртуға белсенді қатысатын, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге, кәсіптік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.	ЖБП	56	1,2,7
2	Құқықтық экономикалық және	<p>MON8 – болашақ мамандығының құрылымы, мазмұны, сипаты мен ерекшелігін пайдаланады. Зерттеудің нәтижелерін жинақтай біледі. тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастық жағдайларға баға береді.</p>	<p>Ғылыми зерттеулердің әдістері</p> <p>Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері</p> <p>Экономика және кәсіпкерлік негіздері</p>	Білім алушының өзін-өзі жетілдіруге, табысқа жетуге және кәсіби деңгейге бейімдеуге, экономика мен құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері мен академиялық адалдық қағидаттарын, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы	ЖБП		

			Экология және әмір қауіпсіздігі	кәсіптік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдылар, кәшбасшылық, инновацияларды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Денсаулықты арттырудың физиологиялық механизмдерін қалыптастырады; дене тәрбиесінің құндылықтарын түсіну; дене тәрбиесінің материалдық-техникалық базасының негізін құрайтын спорттық құрылыстар			
3	Педагогикалық-психологиялық дайындық	<p>MON1 – оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді шеше алады.</p> <p>MON2 – оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді шеше алады.</p> <p>MON3 – тәрбие жұмысының отандық және шетелдік тәжірибесін пайдаланады.</p> <p>MON4 – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу әдістерін практикада қолданады.</p>	<p>Оқушылардың физиологиялық дамуы</p> <p>Жас ерекшелік психологиясы</p> <p>Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі</p> <p>Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар</p>	Модуль қарастырады: - балалар, жасәспірімдердің анатомо-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, денсаулықты сақтау, нығайту негізінде жеке тұлғаның қалыптасуы; методология негіздері, тәрбие жұмысы, педагогикалық ғылымның дамуының негізгі кезеңдері, тұтас педагогикалық процесс туралы түсінік; инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру және жобалау, инклюзивті білім беру жағдайында ББҰ бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, инклюзивтік білім беруде АКТ.	БП	17	3,4
4	Әдісте мелік	MON1- жас ерекшеліктері мен физикалық қасиеттерін ескере отырып, қозғалмалы ойындарды	Қозғалыс ойындар оқыту әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша)	Модуль спорттың базалық түрлерінде спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті физикалық	ПП БП	21	1,5,6

		<p>ұйымдастырады және әткізу дағдыларына оқыту әдістемесін қолданады.</p> <p>MON2 – материалдың қаншалықты жетістікпен игерілетіндігін, білім алушыларда практикалық дағдының қалыптасқандығын анықтай алады</p> <p>MON3 - дене шынықтыру мен спортты оқытудың заманауи инновациялық технологияларын қолданады және одан әрі оқуды жалғастару үшін метапәндік білімдерін интергациялай біледі.</p> <p>MON4 - болашақ мамандығының құрылымы, мазмұны, сипаты мен ерекшелігін пайдаланады.</p>	<p>Бағалаудың заманауи технологиялары</p> <p>Дене шынықтыру мен спортты оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялар</p> <p>Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі</p>	<p>қасиеттерді дамытуға, спортшылардың даулы ойындар бойынша спорттық дайындығын үйретуге; волейбол, баскетбол, футболдың пайда болу, даму тарихымен танысуға арналған.</p> <p>Модуль дене шынықтыру және спортта ұлттық спорт түрлерін оқытудың заманауи инновациялық технологияларын қолданудың заңдылықтары, әдістерін, заманауи жетістіктері туралы білімін қалыптастырады.</p>			
5	Іргелі пәндер циклі	<p>MON1 - отандық және шетелдік дене шынықтыру және спорт жүйелерінің тарихи білімдерін практикада қолданады.</p> <p>MON2 - оқытудың инновациялық технологияларын мұғалім мен жаттықтырушының кәсіби қызметіне біріктіреді.</p> <p>MON3 - дене шынықтыру және спорт туралы метафорикалық түсінік негізінде таңдалған спорт түрінің теориясы мен әдіснамасының негіздерін көрсетеді.</p> <p>MON4 - кәсіби-педагогикалық,</p>	<p>Дене шынықтыру тарихы, олимпиадалық білім</p> <p>Дене шынықтыру және спорт педагогикасы мен психологиясы</p> <p>Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі</p> <p>Базалық спорт түрлеріндегі физиологиялық жасерекшеліктері</p> <p>Ұлттық спорт түрлерін оқыту әдістемесі</p>	<p>Модуль дене шынықтыру тарихын ежелгі уақыттан қазіргі күнге дейінгі даму эволюциясын қарастырады. Спорт саласындағы педагогикалық (оқу-тәрбие) үдерісті ұйымдастыру заңдылықтарын, жалпы білім беретін оқу орындарындағы дене шынықтыру бойынша білім беру бағдарламаларын қалыптастырады; адам ағзасының жас ерекшеліктерін, ағзаның психологиялық, функционалдық мүмкіндіктерін және базалық спорт түрлерін оқыту процесінде физикалық қасиеттерін</p>	ПП	34	

		<p>жаттықтырушылық қызметте қолданылатын жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаның дамуының физиологиялық білімін тәжірибеде қолданады.</p> <p>MON5 – осы саладағы метапредмет идеяларына негізделген ұлттық спорт түрлерінің білімі мен түсінігін кәрсете біледі.</p> <p>MON6 - дене шынықтыру мен спортты басқаруда экономикалық, заңдық және ұйымдастырушылық білімді практикада қолданады.</p>	Дене шынықтыру және спорт менеджменті	<p>дамытуды зерттейді. Сондай-ақ нарықтық экономикадағы дене шынықтыру және спорт ұйымдарын әлеуметтік басқару теориясын меңгереді; ұлттық спорт түрлеріндегі спортшылардың жас ерекшеліктерін; денсаулықты арттырудың физиологиялық механизмдерін қалыптастырады.</p>			
6	Биологиялық-сауықтыру циклі	<p>MON1 - дене жаттығуларының емдік әсерінің негізгі механизмдерін тәжірибеде қолданады.</p> <p>MON2 - оқыту және жаттығу барысында үздіксіз өзгеретін адамның қозғалыс актілерінің күрделілігіне талдау жасайды.</p> <p>MON3- денсаулықты қалыптастыруға қатысы бар құралдар мен әдістерді жүйелейді және жинақтайды.</p> <p>MON4- әртүрлі функционалдық бағыттағы физикалық жүктемелерге ағзаның физиологиялық реакцияларын бағалау бойынша біліктерді дарытады.</p>	<p>Анатомия, спортық морфология негіздері</p> <p>Емдік және адаптивті дене шынықтыру</p> <p>Валеология және сауықтыру технологиялары</p>	<p>Модульдің мазмұны: денсаулықты арттырудың физиологиялық механизмдерін қалыптастырады; қимыл-қозғалыс қызметінің емдік мақсаттарында қолданылатын тіршілік әрекеті үшін тән жаттығулар кешені; денсаулығында тұрақты ауытқулары бар адамның өміршеңдігін максималды дамыту, оның дене-қимыл-қозғалыс ерекшеліктері мен рухани жұмысының оңтайлы режимін қамтамасыз ету мақсаттары; спортты дамытуда денсаулықты сақтау, нығайту технологияларын қолдануда білім мен дағдыларды қалыптастыру.</p>	ПП	19	4,5,6,7
7	Спорттық интеллект	<p>MON1- интеллектуалды ойындарының (шахмат, тоғызқұмалақ) теориялық негіздерін оның негізгі ережелерін іс жүзінде</p>	<p>Интеллектуалды ойындар</p> <p>Гимнастиканы оқыту әдістемесі</p>	<p>Модуль интеллектуалды спорт түрлері шахмат, тоғызқұмалақ ойындары арқылы тұлғаны дамытудың, ақыл-ой прогресі мен ми</p>	ПП	23	3,5,6

		<p>жүзеге асырады.</p> <p>MON2- гимнастикалық және акробатикалық жаттығулардың негізгі техникасын одан әрі жетілдіру үшін қолданады.</p> <p>MON3- жеңіл атлетика бойынша оқытудың негізгі құралдары мен әдістерін қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі нысандарын ұйымдастырады және өткізеді.</p> <p>MON4- фундаменталды кәсіби білімді, педагогикалық шеберлік дағдыларын, сөйлеу мәдениетін қолданады.</p> <p>MON5- күрес түрлері бойынша жалпы және арнайы дене даярлығына арналған жаттығулар кешенін құру оны өткізу.</p>	<p>Жеңіл атлетиканы оқыту әдістемесі</p> <p>Таңдаған спорт түріндегі спорттық-педагогикалық шеберлік</p> <p>Күрес түрлері</p>	<p>қызметінің жұмысын дамытуды оқытады. Спорттың базалық түрлерінде спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті физикалық қасиеттерді дамытуға, спортшылардың жеңіл атлетика, гимнастика бойынша спорттық дайындығын үйретуге; күрес түрлерін жетілдіру, әдістері мен ерекшеліктері мен бағыттарына үйретеді. Таңдаған спорт түрінің педагогикалық шеберлігі - ұйымдастырушылық, ғылыми, әдістемелік, жаттықтырушылық, оқытушылық және басқа да жұмыс түрлерін тиімді орындауға мүмкіндік беретін құзыреттілік жиынтығының қалыптасуы;</p>			
8	Білім траекториясы: Спорттық ойындар	<p>MON1- баскетбол мен гандбол бойынша жаттықтырушының оқу-жаттығу іс-әрекетінде дидактикалық және психологиялық негіздерін қолданады.</p> <p>MON2- оқу-жаттығу процесінде спорттық іріктеу, болжау мен модельдеу жүйесін қолданады.</p> <p>MON3- үздіксіз әздігінен білім алу мақсатында оқу-жаттығу сабақтары мен жиындардың техникалық-тактикалық тәсілдерін оқытудың әдістемелік жүйесін тиімді қолданады.</p>	<p>Баскетбол мен гандболды оқыту әдістемесі</p> <p>Волейболды оқыту әдістемесі</p> <p>Футбол мен кіші футболды оқыту әдістемесі</p>	<p>Спорттық ойындардың әдістері мен тәсілдері, оқушылардың жалпы физикалық қасиеттерін дамыту, арнайы дене даярлығын ұйымдастыру; техникалық тәсілдерді зерделеу, оларды ойын қызметінде пайдалана білу; дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру; жеке-дара түрлерін оқыту құралдары мен әдістері; жастарды еңбекке дайындауда және оқушыларды дене тәрбиесінде қорғауда спорттық күрестің рөлін анықтау.</p>	III	18	3,5,6 3,5,6

9	Білім траекториясы 2: Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы	<p>MON4- физикалық қасиеттерді дамытуға креативті кәзқарас, стандартты емес шешімдер, сыни ойлау, кәсіби практикаға шығармашылық кәзқарас қолданады</p> <p>MON5- дене жаттығуларының және спортпен шұғылданудың тиімділігін арттыру үшін техникалық құралдарын білікті пайдаланады.</p> <p>MON6- жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, жаттығулар кешенін құру білімдерін практикада қолданады.</p>	Жүзуді оқыту теориясы мен әдістемесі		ПП	18	3,5,6
		Қолданбалы дене шынықтыру және спорт					
		Физикалық қасиеттерді жетілдіру					

8.3. Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)									
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10
Жалпы білім беретін пәндер циклі													
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті													
1	1. Ғылыми зерттеулердің әдістері 2. Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері 3. Экономика және кәсіпкерлік негіздері 4. Экология және әмір қауіпсіздігі	Білім алушылардың өзіндік идеяларын құрылымдық түрде баяндау дағдыларын қалыптастыру, академиялық дискурстың ерекшелігін ескере отырып, әр түрлі ғылыми және ғылыми-ақпараттық дереккөздерімен жұмыс жасау жолдарын меңгертеді. Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, академиялық адалдық қағидаттарын, экология және әмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, кәшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады.	5	+									
Базалық пәндер циклі													
Жоғары оқу орны компоненті													
2	Оқушылардың физиологиялық дамуы	Оқушылардың физиологиялық - психологиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер	3								+		+

		қарастырылады. Оқушылардың қабілеттерін айқындау мен дамыту, оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту біліктілігін қалыптастырудың және балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері сипатталады.			+		+							
3	Жас ерекшелік психологиясы	Жас ерекшелік психологиясы пәнінің негізгі мәселесі – адам дамуын табиғи жасына сәйкес жан-жақты талқылау. Бұнда бірінші орында интеллектуалдық, эмоционалдық және баланың бейімділік қасиеттерінің кәрінуі, одан басқа жан дүниесінің психикасының кәрінуі тұрады. Ал оның пәні – адам дамуының қабілеттері мен қасиеттерін, психикалық үрдістерін және адамдардың қарым-қатынасы мен әрекеттерінің психологиялық дамуын анықтау.		4				+			+			
4	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының метапәндік идеяларына негізделген оқу-тәрбие процесінің білімі мен түсініктерін, оқу-тәрбие жұмытарының формалары, әдістері, құралдарын практикады қолданылуы қарастырылады.		5							+		+	
5	Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны іске асыру жолдары қарастырылады. Инклюзивті білім беру тәжірибесінде инновациялық		5	+	+							+	

		технологияларды қолдану, проблемаларды шешудің креативтілігін бағалау жолдары сипатталады.													
6	Қозғалыс ойындар оқыту әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша)	Қозғалыс ойындарының негізгі ерекшелігі дене жаттығуларының кәп жақтылығынан кәрінеді. Қозғалыс ойындары ақыл-ойды дамытады, қабылдауды жетілдіреді, қимылды басқару мен психикалық қабілетін дамытады. Мектепке дейінгі мекемелер мен орта оқу орындарында дене шынықтыру бойынша білім беруде инновациялық технологияларды қолданады. Қолданыстағы бағдарламалар шеңберінде жылжымалы ойындардың қазіргі заманғы теориялық ғылыми-әдістемелік құралдарын пайдаланады.		6		+								+	+
7	Бағалаудың заманауи технологиялары	Бағалау жүйесі оқыту жетістігін әлшеу мен оқыту мәселелері диагностикасы болып табылады, оқытудың стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешім қабылдау, күтілетін нәтижелерді бағалау түрі мен білім мазмұнын жетілдіру ретінде білім беру процесі сапасын анықтауға мүмкіндік береді. Білім беру жетістіктерін бағалау кезінде алынған нәтижелер арақатысы мен оқыту кезіндегі жоспарланған мақсаттарға жетудің маңызы зор.		5		+			+						+
8	Дене шынықтыру мен спортты оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялар	Инновациялық білім беру және компьютерлік технологиялар дене шынықтыру және спорт бойынша болашақ мамандардың ақпараттық құзыреттілігін ұйымдастыруға және қалыптастыруға ықпал етеді. Дене шынықтыру және спорт қызметін ақпараттандыру-дене шынықтыру саласын оқытудың, тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға бағытталған және қолайлы және денсаулық сақтау жағдайларында пайдаланылатын		5		+			+	+					

